

**КӨШПЕЛІ КӨРМЕ  
ЕЛБАСЫ КІТАПХАНАСЫ-  
УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ**

02

**ӨНЕР/БІЛІМ  
АЙТЫСТАН ЖҮЛДЕМЕН  
ОРАЛДЫ**

02

**ОҚУ/БІЛІМ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР  
ФОРУМЫ ӨТТІ**

05

**АНАЛАРДЫ АРДАҚТАУ -  
АСЫЛ ДӘСТҮР**

05

## БРИФ-ХАБАР

### «ҒЫЛЫММЕН СТУДЕНТ КЕЗДЕН БАСТАП АЙНАЛЫСАМЫН»

Арман-мақсатым – түсті металлургиядағы зерттеу жұмыстары еді. Жалпы айтқанда, осы саланың қызығы мен шыжығын бірдей көріп келемін. Бұл сала менің өмірімнің әрбір қуанышты сәттері. Осы ғылыми-зерттеу саласында талай жылдан бері жұмыс істеп келе жатқаным үшін қуаныштымын. Арман-мақсатым орындалды десеңде болады. Бұл мен үшін бақыт!

»03

### СЕРТИФИКАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Университетіміздің Үздіксіз білім беру институтының ұйымдастыруымен ақпан айында оқу орнымыздың оқытушылары біліктілігін жетілдіру курсы игеріп шықты. Институт ұстаздарға «Жоғары оқу орындарында оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары» тақырыбында 72 сағаттық дәріс өткен болатын.

»03

### ДАРЫНДАРДЫ ДАРАЛАҒАН ӨНЕР ДОДАСЫ

Р.Сейтметов негізін қалаған «Өнер» факультетінің «Актёрлік өнер» мамандығының студенттері сабақ өту барысын сахналап, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Аталмыш байқау 10 жанрды қамтып, қатысушылар өз өнерлерін ұлы дала тарихымен ұштастырды. Байқаудың алғашқы күнінде жұптық жүргізушілер мен әншілер патриоттық ән орындап бақ сынады. Дизайнерлер әншілерге киім үлгілерін ұсынып бағаланды.

»04

### ӘЙЕЛДЕР 8-НАУРЫЗҒА ҚАНДАЙ СЫЙЛЫҚ АЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ?

Шын мәнісінде, әйелдердің көбінің гүлдер мен ойыншықтан басқа көлікті де қалайтыны анықталды. Сауалнамаға қатысқан қыз-келіншектердің көбісі гүл, ноутбук пен смартфонға дауыс бергенімен, ең қалаулы сыйлық – ең жақын адамдарының жылы лебіздері мен олардың амандығы болды. Сондай-ақ ыдыс-аяққа дауыс бергендердің де саны көп.

»05

## АРУЛАР - АСЫЛ ЖАНДАР, ШУАҚ БОЛЫП ШАШЫЛҒАНДАР!



### СЕНАТ

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Университетте №4 Сенат мәжілісі өтті. Басқосуға университет ректоры мен проректорлар, кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары мен күн тәртібіне қатысты.

Сенат жиыны алдында университет ректоры, У.Әбдібеков пен ректор уәкілі М.Куталмыш Жаратылыстану факультетінің деканы Ф.Баканов 60 жасқа, Қаржы істері департаментінің директоры Н.Ешметова 50 жасқа толуына байланысты мерейтой иелерін құттықтады. Білім мен ғылым саласында жетістікке жеткен оқытушы-профессорларды марапаттады. «2017 жылдың үздік оқытушысы» атағына ие болған Т.Тұрманбеков, Ә.Сарыбаева, Т.Даниярұовтарға ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан берілген куәлік табыс етілді. Сондай-ақ, Кәсіподақ комитетінің төрағасы Алтынбек Кенжеліев «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен Жазира Исаева қауымдастырылған профессор алуымен, Ғылыми кітапхана директоры Меруерт Әбсеметова білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінде өткен «Кәсіпкерлік» пәндік олимпиадасында III орын алған және Нархоз университетінде өткен «Кәсіпкерлік» халықаралық пәндік олимпиадасында «Креативті шешім» номинациясына ие болған білімгерлер Нұрдәулет Бексейіт, Айдана Қайратқызы, Айдана Ербаева марапатталды.

Маңызды жиында Оқу әдістемелік ісі жөніндегі проректор Н.Ажиханов 2017-2018 оқу жылындағы қысқы сессия қорытындысы жайлы айтып өтті. Ясауи пәндік олимпиадасының өтілу барысы және университет жанынан «Ясауи виртуальді кіші академиясын» ашу мәселесі де қаралды. Ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректор Талжан Раимбердиев университеттің 2017 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалу барысы мен сапасы туралы баяндады. Ясауи ғылыми-зерттеу орталығынан «Иасауи» ғылыми журналын шығару мәселесі де қозғалды. Оқу ордамыздың оқытушы-профессорларының дайындаған оқу құралдары мен монографияларын баспаға ұсыну жайы мен докторанттар мен магистранттардың диссертациялық тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бекіту мәселесі де қаралды.



**Құрметті аналар! Қымбатты қыздар! Аяулы арулар!**

**Сіздерді 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!**

«Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген даналық сөз бар. Сіздердің отбасы мен қоғамның ұйытқысы болып жүрген адал еңбектеріңіз бен қажыр-қайраттарыңызға бас иеміз. Сондай-ақ, шексіз құрметтейміз. Еліміздегі толайым табыстар мен өркенді өзгерістерге бастайтын өрелі істер ең алдымен сіздердің аяулы аналық жүректеріңізден бастау алады. Сіздердің ыстық ықыластарыңыз бен жан-шуақтарыңыз әрбір шаңырақтағы береке мен бірліктің негізі. Сіздер өрдайым сұлулықтың, нәзіктіктің, жан жылуының және асқақ биіктіктің бейнесі болып қала бересіздер.

**Құрметпен,  
Уәлихан ӘБДІБЕКОВ  
университет ректоры**

ЯУ-ақпарат



## АҚПАРАТ / ХАБАР

### КӨШПЕЛІ КӨРМЕ

#### ЕЛБАСЫ КІТАПХАНАСЫ – УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

Таяуда ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы кітапханасының ұйымдастыруымен университетімізде «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрмесі аясында «Тарихи таңдау» экскурсиялары өткізілді.

Аталмыш көрменің ашылу салтанатында Елбасы кітапханасы



директорының орынбасары Ә.Рахымжанов, облыс әкімінің орынбасары Ұ.Сәдібеков және университет ректоры У.Әбдібеков құттықтау сөз сөйледі. Шара барысында Елбасы кітапханасы директорының орынбасары Ә.Рахымжанов университетіміздің

басшысы У.Әбдібековке Елбасының бірнеше кітаптарын тарту етті. Көрменің негізгі мақсаты – Елбасы Н.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстан қалыптасуындағы шешуші рөлін жан-жақты көрсету. Көрмені тамашалаған қалың бұқара назарына Елбасы кітапханасының архив, кітап, музей қорларынан алынған материалдар көрсетілді.

Көрме «Елбасы қызметінің хроникасы» интерактивті бөлімінен, деректік кинохроника сияқты бірнеше бөлімнен құралған. Олардың арасында Мемлекет басшысының жоғары мемлекеттік марапаттары, шет тілдік еңбектерінде кездестіруге болады. Экскурсия барысында Н.Назарбаевтың

комсомол-металлургтен бастап, ҚР Президентігіне дейінгі еңбек жолы жайлы баяндайтын материалдар ұсынылды. Сирек кездесетін бейне шежіре кадрлары, фотосуреттер мен мұрағаттық құжаттары қойылды.

ЯУ-ақпарат

### БӘРЕКЕЛДІ

#### АЙТЫСТАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Жуырда Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық мерейтойы аясында «Менің пірім — Сүйінбай» атты жас ақындардың республикалық айтысы өткен болатын.

Айтысқа университетімізден Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері Р.Досжанова, Е.Төлеутай, Ф.Кәдірбай қатысып қайтты. Білімгерлерге «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті Ә.Толысбаева жетекшілік жасады.

Айтыста жас ақындар қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғады. Қағытпа қалжыңдар мен орамды ойларды да ортаға салды.

Еліміздің 28 жоғары оқу орнынан 54 ақын қатысқан сөз додасында Ғылымнұр Кәдірбай «Оразалы



Досбосынов атындағы жүлдені» олжалады. Жарыста жүзден жүйрік шығып, оза шапқан өренімізге өнерің өрісті болсын дейміз.

#### СЕНБИГЕ ТҮСКЕН МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ АУЫСТЫРЫЛАДЫ

ҚР Еңбек кодексінің 85-бабы 3-тармағына сәйкес, мереке күндері кезінде жұмыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында Үкімет демалыс күндерін басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы. ҚР Үкіметі аталған заңнамаға сүйене отырып, биылғы мереке күндеріне байланысты демалыс күндеріне өзгеріс енгізді.

2018 жылы жұмыс күндері: 9 наурыз 3 наурызға, 30 сәуір 28 сәуірге, 8 мамыр 5 мамырға, 31 тамыз 25 тамызға, 31 желтоқсан 29 желтоқсанға ауыстырылады. Еске сала кетсек, алдағы наурыз айында қазақстандықтар халықаралық әйелдер мерекесінде төрт күн демалады.

Baq.kz

### КОНФЕРЕНЦИЯ

#### ИАСАУИТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛДЫ

Жуырда белгілі дінтанушы, философия және теология ғылымдарының докторы, «Рухани мұра» ұлттық қорының президенті Досай Кенжетай 50 жасқа толған болатын. Түркістан тарихи-мәдени-этнографиялық орталықта Д.Тұрсынбайұлына арналған «Зайырлы елдің заңғар ұланы» атты шығармашылық кеші өтті. Кеш барысында Досай Кенжетайдың бірнеше кітаптарының және соңғы жарық көрген «Зайырлы ел – қайырлы ел» атты кітабының тұсаукесер рәсімі болды. Түркістан тарихи-мәдени-этнографиялық орталықтан бастау алған жиын соңы университетімізде өткен «Иасауитану зерттеулері мен проблемалары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға ұласты.

Алқалы жиынға теолог-ғалымдар, дін қызметкерлері, университет ұжымы, студенттер қатысты. Конференция жұмысы пленарлық, секциялық мәжілістерге жалғасты. Ғылыми басқосу қазақ даласында Исламдық өркениеттің дәнін сеуіп, түркі әлеміне сопылық жолдың тың жолын ұсынған Ахмет Ясауи мұраларын игеруге арналды. Қожа Ахмет Ясауи – түркі халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Ислам дінін түркі салт-дәстүрімен сабақтастыра отырып, ислам өркениетінде «Ясауи жолы» деген ұғым енгізген Ұлы кеменгеріміздің артында қалған мұраларын зерттеп дәріптеу бізге аманат. Бүгінгі таңда осы жолда



университетіміздің ясауитанушылары аманатқа адалдық білдіріп жүр деп айта аламыз. Жоғары деңгейде өткен республикалық ғылыми жиын осының дәлелі.

Конференцияға модераторлық жасаған Оқу әдістемелік ісі жөніндегі проректор Н.Ажиханов қазақ мұсылмандығының негізі Иасауи ілімін насихаттаушы профессор Д.Кенжетайға «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісін табыстады. Ғылыми шараның ашылу салтанатында Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғ.Рысбеков, Даму және қаржыландыру жөніндегі проректор М.Эрен, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Ү.Жүсіпбаев, ОҚО Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директорының орынбасары М.Бесбаев, ҚМБД-ның ОҚО бойынша өкіл имамы Б.Бейсенбаев, Нұр Мүбәрак Мысыр Ислам

университетінің аға оқытушысы, PhD доктор Қ.Жолдыбай, ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану бөлімінің меңгерушісі, профессор Б.Сатершинов, профессор, әдебиет сыншысы, ғалым Қ.Ергөбек құттықтау сөз сөйлеп, сыйсыпаттарын табыстап, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Пленарлық мәжілісте «Ясауи» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, доцент З.Жандарбек «Д.Кенжетайдың Ясауи ілімін зерттеудегі орны», Нұр Мүбәрак Мысыр Ислам университетінің аға оқытушысы, PhD доктор Қ.Жолдыбай «Сопылық ілімнің діни негіздері», ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты «Дінтану» бөлімінің меңгерушісі, профессор Б.Сатершинов «Заманауи Қазақстандағы ислам үрдістері», ҚР ҚМБД өкілі, PhD докторы, дінтанушы М.Исахан «Қазақстандағы дәстүрлі исламның канондық негіздерін насихаттауда Досай Кенжетайдың орны мен рөлі» атты баяндама жасады.

«Түркі әлеміндегі барлық рухани құндылықтың іргетасында Ясауи хикметі жатады. Салафизмге қарсы бірден-бір антивирус – сопылық»

деген профессор Д.Кенжетайдың мерейтойына арналған конференция жоғары деңгейде өтті. Қожа Ахмет Ясауи жолын ұстанған шәкірттері, ғалымдар түркістандық ғұламаның еңбектерін насихаттауда үлкен еңбек сіңірді. Мерейлі жасына жетістіктерімен келген ғалым еңбектері айтуға тұрарлық. Теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Тұрсынбайұлы философия, мәдениет, қазақ болмыстық қабаттары, тарих философиясы, дін, ислам теологиясы салалары бойынша 250-ден астам мақала, 5 монография, 10 оқулық пен оқу құралдарының авторы. «Қожа Ахмет Ясауидің моральдық философиясы», «Қожа Ахмет Ясауи және оның ойлау жүйесі», «Қожа Ахмет Ясауи дүние-танымы», «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам мәселесі (Монография). Қолжазба құқында», «Дәстүрлі түркілік дүниетаным. Оқулық» кітаптарының авторы. «Ясауи жолы», «Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи «Мират-ул Қулуб», «Қожа Ахмет Ясауи жолы және Хикметтер», «Сындарлы он жыл» атты кітаптарды аударды. Ғалым еліміздегі дін саласының білгір маманы ретінде «Дін істері және азаматтық қоғам министрлігімен» бірлесе отырып, зайырлылық және дінтану оқулығы мен экстремизмге қарсы күрес заң жобаларын дайындауға атсалысты. 2011 жылы ҚР БҒМ ЖОО «Үздік оқытушысы» атағымен, 2012 жылы «Түркі дүниесіне қызмет» наградасымен, 2016 жылы «Тәуелсіздікке 25 жыл» төсбелгісімен марапатталған.

Динара ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ



**ҚЫСҚА-НҮСҚА**

**Сертификат табысталды**

Жуырда Ахмет Ясауи университетінің 64 ұстазына біліктілік сертификаттары табысталды.

Университетіміздің Үздіксіз білім беру институтының ұйымдастыруымен ақпан айында оқу орнымыздың оқытушылары біліктілігін жетілдіру курсының игеріп шықты. Институт ұстаздарға «Жоғары оқу орындарында оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары» тақырыбында 72 сағаттық дәріс өткен болатын. Аталған курсты оқу орнымыздың тәжірибелі ұстаздары К.Бабаева, Г.Ниязова және А.Кушкарлова өткізді. Нәтижесінде, курсты сәтті аяқтаған 64 оқытушыға біліктілікті артыру жөніндегі сертификат берілді.

**Пікірсайысы өтті**

Жуырда оқу ордамызда «Шаңырақ» студенттік клуб координациялық басқармасына қарасты «AYU Debate» клубының ұйымдастыруымен «Болашағымыз бірлікте» Ясауи кубогы II Республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Негізгі мақсаты — Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру, республикамыздың белсенді жастарының басын қосу, жастардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, жастардың бойында патриоттық және азаматтық қасиеттерді дамыту, құқықтық ақпараттық сауаттылығын арттыру, саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерді қозғай отырып, жастардың таным көкжиегін кеңейту.

Екі күнге созылған республикалық турнирге Ақтөбе, Алматы, Семей, Қызылорда, Шымкент, Тараз тағы басқа қалалардан келген 100 студент қатысып, 50 фракция ойын көрсетті. Ойынның шарты бойынша үш іріктеу айналымға, ширек финал, жартылай финал және финалға бөлініп, американдық-парламенттік формат бойынша қазақ тілінде және турнирдің үздік спикерін анықтау үшін Линкольн-Дуглос форматы қолданылды. Турнир қорытындысы бойынша I орынды «Т.Рысқұлов атындағы Нархоз университеті» «Nomads» фракциясы (Алматы), II орынды «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті» фракциясы, III орынды «Жалынды жастар» клубы мен «Ақиқат» (Шымкент) клубының фракциясы иеленді.

**Ақпарат орталығы**

**Семинар**

**«Әлеуметтік ғылымдар» факультетінде университетіміздің Даму және қаржыландыру ісі-жөніндегі проректоры М.Эрен «Секуляризм және дін диалектикасы» атты ғылыми семинар өткізді.**

Аталмыш семинарға «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, профессор М.Топлу, оқытушы-профессорлар, студенттер, магистрант-докторанттар қатысты. М.Эрен алдымен «секуляризм» ұғымының мәні мен мазмұнына тоқталып, тарихи тұрғыдан пайда болуы және дамуы туралы сипаттама берді. Семинар соңында «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті деканы М.Топлу проректор М.Эренге алғысын білдіріп, сертификат табыстады.

**УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ**

Профессор, Аманкүл АҚБАСОВА:

**«ҒЫЛЫММЕН СТУДЕНТ КЕЗДЕН БАСТАП АЙНАЛЫСАМЫН»**

**Техника ғылымдарының докторы, профессор, Аманкүл Ақбасова өз ісінің кәсіби маманы. Ғылымға қосқан үлесі зор. Ғылымға студент кезінде келіп, міне, сол уақыттан бері осы салаға еңбегі сіңіп келеді. Бүгінде екі баланың анасы, немерелерінің әжесі. Университеттің Экология ғылыми-зерттеу институтының директоры.**

— «Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң» демекші, туған жердің суы да, ауасы да ыстық. Сіз қай өңірдің тумасысыз?

— 1932 жылдардағы ашаршылық — ел тарихындағы ең қасіретті оқиға. Міне, сол нәубет, қиын-қыстау қанды жылдардан құтылудың жолын іздеген ата-анам туып-өскен мекені Ұлытаудан көшіп кетеді. Ең алдымен, олар Түркістанға жаяу келіп, осында тұрақтамақ болады. Бірақ күнкөріс нашар болған соң, Өзбекстанның Шыршық қаласынан бір-ақ шығады. Мен 1945 жылы Шыршық қаласында дүниеге келдім. 1949 жылы ата-анам туған елге қайтып оралады. Ал әкем Жезқазған қаласының жанындағы Жезді марганец кен байыту фабрикасында мастер, технолог, бас технолог болып қызмет етті. Мен 1964 жылы Жезді поселкесіндегі орта мектепті тәмамдадым.

— Ғылым жолында алғашқы қадамыңыз қалай басталды?

— Мен ғылымға бала кезімнен қызықтым. Әкем осы салада істеген соң, осы салада жұмыс істеуді мақсат тұттым. Сөйтіп, түсті металлургия саласының білікті маманы әкемнің ізін жалғадым десемде болады. Оның үстіне, мектепте мені көбісі мазақтайтын «профессор, академик» деп. Әр баланың мектеп кезде лақап аты болады емес пе? Бұл менің лақап атым. Осы атымды ақтайын дедім (күлді). Міне, сөйтіп, «академик-ғалым» болсам деп армандайтынмын. Бұл мамандықтан өзге ешбір саланы таңдамайтыныма көзім көміл жеткен соң, академик-ғалым боламын деп шештім. Ғалым болам деген арман жаныма тыныштық бермеген соң, Ленинградта оқуға бел буып, сол жаққа баруға билет алып, жолға дайындалып жатқанымда, әкем қарсылығын білдіріп, Алматыға баруымды жөн санады. Содан билетті қайта өткізіп, Алматыға келіп, Қазақ Мемлекеттік университетінің химия факультетіне оқуға тапсырдым. Бағым жанып, өзім армандаған мамандыққа қабылдандым. Сөйтіп, студент кезден бастап, ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналыстым. Диплом, диссертация жұмыстарымды осы салаға арнадым. Аспирантураға оқуға түсу әрбір студенттің арманы еді. Бірақ оған екінің бірі түсе алмайтын. Өйткені Кеңес заманы қиын еді. Және аспирантураға әр факультетарасынан бір-ақ орын тағайындалатын. Сөйтіп, Лениннің 100 жылдығына орай, Қазан қаласында жас химиктерге арналған Бүкілодақтық ғылыми-конференция өткізілді. Мен соған қатысып, өз бағымды сынадым. Онда жасаған баяндамама өте жоғары бағаланып, конференцияның алтын медалімен және ақшалай 60 мың рубль сыйлығымен марапатталдым. Содан болар мені аспирантураға қалдырды. Жарысқа қатысқандардың арасында менен басқа жақсы оқитын студенттер де болды. Солардың арасынан топ жарып шығу мен үшін абырой. Аспирантураны қысқа мерзім ішінде қорғап шықтым. Уақыт өте келе оның да сәті түсіп, Ленинградта білім алуға мүмкіндік туды. Сөйтіп, 1979-1980 жылдар аралығында

Ленсовет атындағы Ленинград технологиялық институтында беткейлік-белсенді заттар физика-химиясы бойынша қайта дайындау факультетіне түстім. 1991 жылы Мәскеудің Д.Менделеев атындағы химия-технология институтында диссертация қорғадым.

Арман-мақсатым — түсті металлургиядағы зерттеу жұмыстары еді. Жалпы айтқанда, осы саланың қызығы мен шыжығын бірдей көріп келемін. Бұл сала менің өмірімнің әрбір қуанышты сәттері. Осы ғылыми-зерттеу саласында талай жылдан бері жұмыс істеп келе жатқаным үшін қуаныштымын. Арман-мақсатым орындалды десемде болады. Бұл мен үшін бақыт!

— Шәкіртсіз ұстаз тұл демекші, ізіңізді жалғайтын ұл-қыздарыңыз немесе шәкірттеріңіз бар ма?

— Шәкірттерімнің арасында он шақтысы ғылым кандидаты және отыз шақтысы магистрант атағына ие болды. Шәкірттерім биіктен көрінсе, менің де бойым көкке жеткендей қуанамын. Бүгінде ізімді жалғайтын бір ұлым және бір қызым бар. Менің ізімді жалғап, ғылым саласына өз үлесін қосып жүрген қызым еліміздегі танымал ғалымдар санатында, экология ғылымдарының докторы Алматы қаласының тұрғыны. Қазіргі таңда шәкірт тәрбиелеуде. Сондай-ақ біздің институтта аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Кезінде ұлымның аузына батыр атасы Бауыржан Момышұлы түкіріп, өзінің ақ батасын берген еді. Қазіргі уақытта Мәскеу қаласында тұрады. Оның атқарып жатқан қызметі техника ғылымдарының кандидаты. Үлкен немерем Мәскеудегі университеттің 1-курс студенті.

— Түркістанға қалай келдіңіз?

— 1993 жылдан бері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қызмет етіп келемін. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік 1991 жылы Қазақстанда ең алғаш ашылған халықаралық жоғары оқу орны. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «халықаралық университет» мәртебесі берісін деп бұйрық шығарған болатын. Н. Балқияев Түркістан қалалық партия комитетінің I хатшысы болып жұмыс істейтін. Ол жолдасымның сыныптасы еді. Бізге хабарласып, «университетке жан-жақтан мықты мамандар қажет әрі университеттің деңгейін көтеруіміз керек» деді. Екінші жағынан ата-анамды Жезқазғаннан өз қолыма алсам деген ой мазалап жүрген еді. Сөйтіп, ойлана келе Түркістанға келуге бел будық.

— Экология ғылыми-зерттеу институтында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

— Бүгінде институт ғылыми бағыт бойынша бірнеше жұмыстар атқарып жатыр. Негізгі бағытымыздың бірі — өндірістік қалдықтарды өңдеу. Одан әртүрлі елімізге қажетті тауар алу. Мысалы, ауылшаруашылық өндіріс орындарында мониторинг, экологиялық тәлқұжаттар, жобалар жасау сияқты ғылыми-практикалық жұмыстар атқару, экологиялық са-



раптау, ауа атмосферасын тазалау, мониторинг, құрылыс материалдарын шикізат қалдықтарынан алу, технологиялық үрдістердің аз немесе қалдықсыз технологияларын жасау арқылы тауарлық өнімдер алу, топырақты зиянды қалдықтар мен ауыр металдардан детоксикациялау әдістерін жасау, Туризмді дамыту бойынша тарихи ескерткіштерді қорғау, медициналық қалдықтардан қажетті өнімдерді алу бағыттарында ауқымды жұмыстар жүргізіп отырымыз.

Институттың алға қойған мақсаты — таза экологиялық тұрғыдан таза өнім алу. Сол себепті, таза тыңайтқыштарды қолдануымыз қажет. Ұжым ғалым-зерттеушілері осы университет маңайындағы жатақхана, корпус, т.б. экологиялық зардаптарды азайту мақсатымен және университеттің ботаникалық бағы және агроөнеркәсіптік кешендердің әртүрлі шаруа қожалықтарында зерттеу жұмыстарын атқарудамыз. Сондай-ақ институттың жылыжайында өсімдік егуді қолға алдық. Ол өсімдік «Белая акация» деп аталады. Былайша айтқанда (хрустальный ағаш). Бұл ағаштың пайдасы көп. Мәселен, ең біріншіден, қорған үшін қажет болса, екіншіден, көрік береді. Үшіншіден, ауаны ластаған заттардан қорғайды. Атқарылған жұмыстар университет кассасына 14 миллион мен 20 миллион арасында кіріс түсіріп отыр. Біз өз-өзімізді қаржыландырып отырған институт болып саналамыз. Тарихи-ескерткіштерді қорғау бойынша жұмыс істеп, Қожа Ахмет Ясауиді, Арыстан бабты зерттегеніміз үшін Түркия тарабынан бізге грант бөлінді. Институтта ғылыми-зерттеу бойынша 10 қызметкер жұмыс істейді. Осы бөлінген гранттан қызметкерлерге еңбекақы төлейміз. Жатақхана және корпусстарға он күн сайын зерттеу жұмысын жүргізіп, мекемелермен жылу объектілеріне мониторинг жасаймыз.

— Мерекелік тілегіңіз?

— Жастарды өз басым қатты жақсы көремін. Себебі, жастардың жанында жүріп, өзіндік жас сезінесің. Жақында шәкіртім докторантураға түсті. Мен үшін бұл — қуаныш. Жастардың білімге, ғылымға деген талпыныстарын көріп, қызығамын. Біз үйреткен тәлім-тәрбиені, білімді санасына баулыса деймін. Біз секілді «профессор, доктор» болсын! Жастарға тек табыс, бақыт тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Мемлекет басшысы айтқандай, мен де жастарға сенемін.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан: **Жадыра ҚОЖАХМЕТ**



## ДАРЫН - 2018



# ДАРЫНДАРДЫ ДАРАЛАҒАН ӨНЕР ДОДАСЫ

Ақпан айының 19-23 аралығында оқу ордамыздың мәдениет орталығының үлкен залында өткен дәстүрлі «Дарын» фестивалі өз мәресіне жетті.

Биыл 17-ші рет өткізілген байқау Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлы тұлға Райымбек Ноғайбайұлы Сейтметовтың 80 жылдығына орай «Ұлы дала ұлағаты» тақырыбында ұйымдастырылды.

Фестивальді Р.Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театрының өртістері ашып, ұлы ұстаз есімін ұлықтады.

Р. Сейтметов негізін қалаған «Өнер» факультетінің «Актёрлік өнер» мамандығының студенттері сабақ өту барысын сахналап, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Аталмыш байқау 10 жанрды қамтып, қатысушылар өз өнерлерін ұлы дала тарихымен ұштастырды. Байқаудың алғашқы күнінде жұптық жүргізушілер мен әншілер патриоттық ән орындап бақ сынады. Дизайнерлер әншілерге киім үлгілерін ұсынып бағаланды.

Екінші күні әншілер еркін тақырыпта эстрадалық ән айтып жарысса, талантты жастар «Түбі бір түрік әні» жанры бойынша тартысқа түсті.

Мәдениет орталығының фоесінде өткен суретшілер мен қолөнершілердің сайысы да қызықты болды. Өз туындыларын тарихқа, ұлы ұстазға арнаған дарындылар жеңіске барын салды.

Байқаудың үшінші күні мәдениет орталығының үлкен залында өткен жұптық бишілердің сайысымен және университетіміздің үлкен кітапханасының мәжіліс залында өткен айтыскер ақындар мен күйшілердің байқауымен жалғасын тапты. Бірін бірі қағытпа қалжыңмен түйреген айтыскерлер көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйласа, күйшілер домбыра үнімен ерекше әсер сыйлады.

Дәстүрлі «Дарын» фестивалінің төртінші күні көркемсөз оқу шеберлерінің сайысымен тәмамдалды. Сайыс барысында студенттер Р.Сейтметов жайлы арнау оқып, поэзиядан сыр шертті.

Тартысты бәсекеде топ жарған өнерпаздар жүлделі орындарды иемденіп, ректор атынан марапатталды. Сонымен қатар байқауда әділ қазылық еткен Р. Сейтметовтің төл шәкірттері таңдаулы қатысушыларға Р.Сейтметов атындағы жүлдені табыстады.

Эстрадалық ән орындау жанры бойынша Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті Төлеген Руслан бас жүлдені иемденіп, композитор Ә. Ботақараев «Түркістан» атты туындысын авторлық



құқығымен тарту етті. Аталмыш факультеттің студенті Мамедов Гулам I орынды иеленді.

II орын Өнер факультетінен құралған «Дарын» триосына бұйырса, үздік үштікке Өнер факультетінің студенті Бағлан Төлеген кірді.

Жұптық жүргізушілер сайысында бас жүлдені Жаратылыстану факультетінің студенттері Батырбек Ахметов пен Әлия Ырзалы иеленсе, I орын Өнер факультетінің студенттері Ақбота Құрмаш мен Мадина Рахымжановаға бұйырды. II орынға Инженерия факультетінің студенттері Самат Қуанышбек пен Ұлжамал Жақыпбек жайғасты. Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенттері Нұрдаулет Сыздық пен Ұлпан Абдрахман үшінші орынды иеленді.

Жұптық бишілер сайысы бойынша бас жүлде иегерлері Өнер факультетінің студенттері Ақниет Әмзехан мен Айсұлу Байғараева. Аталмыш факультеттің студенттері Ақерке Бейсенбекова мен Жансая Ондасын I орынды иеленсе, Айдана Искак пен Асанхан Алменов екінші орынға жайғасты. Үздік үштікті Жаратылыстану факультетінен Гузал Абдухашимова мен Шахноза Эркиноваға бұйырды.

Түбі бір түрік әні сайысында Өнер факультетінен Нұрбек Абдрахман бас жүлдені иемденіп, композитор Ә. Ботақараев «Кешегі түн» әнін авторлық құқығымен сыйға тартты.

Филология факультетінің студенті Балнұр Әлжан бірінші орынды алса, Өнер факультетінің студенті Бауыржан Темірхан II орынға жайғасты. Филология факультетінің студенті Сымбат Есентаева III орынды иеленді.

Дизайнер (Киім үлгілері) жанры бойынша Өнер факультетінен Гүлжаз Өтепбаева бас жүлдені қанжығасына байласа, Айгерім Аққұл I орынға жайғасты. Яссы колледжінің студенті Гүлназым Сүйіндік II орынды иемденсе, Әсел

Зұлпыхарова III орынды қанағат тұтты.

Суретшілер жанры бойынша Өнер факультетінен Арай Тұрдықожа I орын, Усманәлі Мамаев II орын, Хансұлтан Нұртай III орынды иемденді.

Көркемсөз жанры бойынша Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті Серікбол Болатхан бас жүлдені иемденсе, Инженерия факультетінің студенті Нұрдаулет Тастанов I орынға жайғасты. Өнер факультетінің студенті Сәкен Парманқұлов II орынды иемденді. Гуманитарлық ғылымдар факультетінің студенті Серік Айжарық III орынға жайғасты.

Дәстүрлі ән өнері бойынша Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті Нұрдаулет Қасымбек бас жүлде мен Р. Сейтметов атындағы сыйлық иемденді. Гуманитарлық ғылымдар факультетінің студенті Мейірбек Сәмбет I орынды иемденсе, II орынға Инженерия факультетінің студенті Қайрат Табиғат алды. Үздік үштікті иемденген Өнер факультетінің студенті Нұрмағанбет Захан болды.

Айтыс өнері бойынша бас жүлде иегері Филология факультетінің студенті Ғылымнұр Кәдірбай, I орын Төлеутай Еламан, II орын Досжанова Ырысқұл, III орын – Нұрлан Орал.

**Ұлы ұстаздың шәкірттері тағайындаған Р. Сейтметов атындағы жүлде иегерлері:**

Қолөнер сайысы бойынша Өнер факультетінен Нурилла Қонарбаева, Юлдуз Собирова.

Жұптық бишілер сайысы бойынша Жаратылыстану факультетінің студенттері Тыныштықбай Балнұр, Сейулла Диана.

Тартысқа толы бәсекеде ұтылған жан болмады. Көрермен қошеметіне бөленіп, үлкен тәжірибе жинақтаған қатысушылар шара соңында керемет көңіл-күймен естелік суретке түсіп, өз әсерлерімен бөлісті.

**Серікбол БОЛАТХАН:** – Дарын байқауы мен үшін мектеп, керемет тәжірибе болды. Байқаудан алған әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Тыңғылықты дайындықтың арқасында өнерімді өте жоғары деңгейде алып шықтым деп ойлаймын. Студенттерге осындай мүмкіндік сыйлаған Дарын байқауына алғысым шексіз.

**Нұрдаулет СЫЗДЫҚ:** – Бұл байқау менің өмірімнің ұмытылмас кездерінің бірі. Дайындық барысында түрлі қызықты бастан кешіріп, жетекшіміздің қолдауымен өз өнерімізді көрсете алдық деген ойдамын.



Назерке ӘУБӘКІРОВА,  
1-курс студенті



## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

## Республикалық жастар форумы өтті

**Ақберен АМАНГЕЛДІ**  
3-курс студенті

**Ахмет Ясауи университетінде «Көшбасшылық дағдыларды дамыту» атты жастар форумы өтті.**

Шара ұйымдастырушысы – БҰҰ-ның Алматыдағы өкілдігі Қоғамдық ақпарат департаментінің және ХҚТУ «Жастар орталығы», «Халықаралық қатынастар» клубы (IKTU International Relations Club).

Оқу ордамыздың Даму және қаржыландыру жөніндегі проректор М.Эрен, Ұйымдастыру және тәрбие ісі жөніндегі проректор Б.Мұхамеджанов, БҰҰ-ның өкілдігі Қоғамдық ақпарат департаментінің директоры В.Самек сөз сөйлеп, форум жұмысына сәттілік тіледі. Университет президенті, профессор У.Әбдібековтің қабылдауында болған В.Самекке сый-сыяпат, оқу орданың естелік альбомын табыстады.

Аталмыш шараға Қазақстанның біршама ЖОО-наң, мектептерден 70-ке жуық жастар қатысты. Шымкент қаласының «Назарбаев зияткерлік мектебі», «Мирас» университеті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Оңтүстік Қазақстан

мемлекеттік педагогикалық институты, Кентау қаласының «Дарын» мектебінің өкілдері, Қазақстандағы халықаралық жастар ұйымдарының көшбасшылары келді. «Global Shapers Community —

дипломатиялық тәжірибелермен алмасты. Форум қатысушылары күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылады. Көшбасшы жастар «Мансапқа қалай жете аламыз?», «Шетелде мемле-

«Сұхбаттасуды жемісті өткізудің жолдары», «Резюме жазу және көпшілік алдында сөйлеу», «Шетелде алынған тәжірибенің жастар болашағына қосар үлесі», «Жастар және көшбасшылық. Көшбасшылық дағдыларды қалай дамыта аламыз?», «Жастар және еріктілер қозғалысы; ұлттық және жаһандық дәрежедегі волонтерлік қозғалыстар», «Тимбилдинг және «тең-теңіне» қағидасы бойынша білім беру: Қазақстандағы «тең-теңіне» білім беру» секілді тақырыптарды қозғады.

Форум жұмысы қызу пікірталасқа толы қызықты дебаттарға жалғасты. Озық ойлы жастар әлемдік мәселелерді де қозғады. Форум жоғары деңгейде қызықты өтті. Қатысушылар коммуникацияның және сөйлеудің көптеген қырларын зерттеп, тәжірибесін шыңдап, ресми келіссөздер жүргізуді үйренді.

Сонымен қатар, Әлеуметтік ғылымдар факультеті оқу корпусының 417-кабинетінде «Біріккен ұлттар ұйымының бұрышы» ашылып, оның лентасын Қоғамдық ақпарат департаментінің директоры В.Самек, проректорлар М.Эрен мен Б.Мұхамеджанов қиды.



Қазақстан», «AIESEC Kazakhstan», «Y-PEER Kazakhstan» секілді Қазақстандағы халықаралық жастар ұйымдарының лидерлері форум спикерлері ретінде қатысты.

Жастар форумда мәдени, ғылыми байланыс, және пікірталас, келіссөздер жасау секілді

кет имиджін қалыптастырудағы жас көшбасшылардың рөлі», «Жастарға үздік көшбасшы болуға не кедергі келтіреді?», «Осындай жастар ұйымдарының мүшесі қалай бола аламын?», «Жастар және Тұрақты даму мақсаттары: ТДМ-на жетудегі жастардың рөлі»,

## Әйелдер 8 наурызға қандай сыйлық алғысы келеді?

**Ерасыл ПЕРДЕБАЙҰЛЫ**  
1-курс студенті

Алда 8 наурыз халықаралық әйелдер мейрамы. Бұл күнді қыз-келіншектер жақсы көңіл күймен қарсы алғысы келеді. Мәселен, гүлдер немесе тәттілер? 8 наурызға оқу ордамыздың қыз-келіншектер қауымы қандай сыйлық алғысы келетіндігін білу үшін нәзік жандылар арасында сауалнама жүргізілген едік.

Шын мәнісінде, әйелдердің көбінің гүлдер мен ойыншықтан басқа көлікті де қалайтыны анықталды. Сауалнамаға қатысқан қыз-келіншектердің көбісі гүл, ноутбук пен смартфонға дауыс бергенімен, ең қалаулы сыйлық – ең жақын адамдарының жылы лебіздері мен олардың амандығы болды. Сондай-ақ ыдыс-аяққа дау-

ыс бергендердің де саны көп. Яғни, әйелдердің көбі қымбат ыдыс-аяқтың қажет екенін, пайдасы бар замануи сыйлықты да қалайтыны белгілі болды. Сонымен қатар тосынсыздан, театрға, концертке билеттен, әшекей бұйымдарынан және кітаптан құр қалғысы келмейтін қыз-келіншектерімізде жетерлік. Сауалнамаға оқу ордамыздың оқытушы ханымдары мен студент қыздар қатысты.

Өмірде сыйлықтар саны көп. Бірақ ерекше талғаммен тандап сыйлаған жөн. Ең бастысы, не сыйласаңыз да шын көңілмен сыйлаңыз, шын жүректен шыққан жылы лебіз арзан сыйлықты да ең керемет ете алатыны рас. Мерекелеріңізбен арулар!

## Құмар ойын құмарыңды қандырмас!

**Олжас ӘБДІХАЛЫҚОВ**  
1-курс студенті

Оңай олжа кімге абырой әперіп еді? Қайран, суша аққан жоқ, енді судай емес, ауаға ұшып жатқан теңгелер-ай. Ата-ана терлеп-тепшіп, балам тоқ болсын, өзгелерден кем болмасын деп жұмысынан жиған адал ақшасын қайдағы жоқ терминалға шайнаптып жіберіп жатырмыз. Не деген жауыздық?!

Жауыздық емей немене? Болмашы бір сәттілікке сенім артқанымыз, құмарлыққа бой алдырғанымыз жүректегі иманымыздан айырады. Құмарлық, қызық қуушылық – жақсы әдеттен емес. Қала орталығында, қала сыртында, оқу орындардың маңында сансыз букмекерлік кеңселер қызметін қызу түрде атқаруда. Ал ондай ғимараттарды толтырушылар – біздің жас, жалынды жігіттеріміз.

Өкініштісі сол, спортқа,

## Аналарды ардақтау — асыл дәстүр

**Еңлік АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ**  
3-курс студенті

Ана дегенде тебіренбейтін жүрек, толқымайтын қан жоқ та шығар?! Әрбір адам жарық дүниеге әкелген, тоғыз ай он күн көтерген анасының амандығын тілейді. Елбасымыз Н.Назарбаев: «Біз ананы, әйелді әр уақытта құрметтеп, жоғары бағалаған халықпыз» - дейді. Бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербейтін өзін аналарымыз бен қызғалдақ қыздар білім-ғылым, денсаулық сақтау, өнер, өндіріс, шаруалықтың қай саласында болмасын толағай табыстарға жетіп жүр. Тарихқа көз жүгіртсек, Домалақ ана, Гауһар ана, Айша бибі, Бегім ана, Қарашаш, Айғаным мен Бопай ханымдар, Зере әже, Хиуаз аналардың есімдерін мақтанышпен айта аламыз. Қазақ қыздарының ерлігі әйгілі Кірдың

басын алып, патшалық құрған Тұмар ханымнан басталып, сол ерлік жолын 1986 жылы қазақ елінің тәуелсіздігінің жолында жанын қиған Сәбира мен Ләззаттар жалғастырды. Намысын жатқа бермей, жау қолында ерлікпен қаза тапқан Мәншүк пен Әлияның есімдері тарих бетінен өшпейді. Университетімізде жоғарыда аты аталған аналарымыздың ізін жалғастырып, жас ұрпаққа білім беріп жүрген ұстаз-аналар, әпкелер, құрбы қыздар көп. Барлығы да өз істерінің нағыз мамандары. Ауыз толтырып айтарлықтай биіктерден көрініп, шығармашылықтың шыңына шығып, қызметте де абыройларын асырып жүрген ару аналарды, құрбыларды 8-наурыз Халықаралық қыз-келіншектер күнімен құттықтаймын. Жұмыспен қатар отбасының ұйытқысы болып жүрген аруларымызға сәттілік тілейміз.

## Алғашқы экран патшайымдары

**Шапағат ҒАЙБУЛЛА**  
1-курс студенті

1958 жылы 8 наурызда Қазақ телевизиясы өзінің алғашқы хабарын көрерменге ұсынды. Бұл ел тарихындағы елеулі еткізер айшықты жаңалық еді. Осылайша, өз жұмысын бастаған тұңғыш телеарна аз уақытта ұлттың үні, қоғамның айнасына айналды. Биыл халықты ақпаратпен қамтамасыз етіп, еліміздің тарихымен біте қайнасқан телеарнаға 60 жыл толды.

1958 жылдың көктемінде Алматыда тұңғыш рет көгілдір экран арқылы көрерменмен жүздесіп, қазіргі республикалық «Қазақстан» телерадио корпорациясының тұңғыш хабарларын бастаған

